


Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»



Спорттық мереке

"Біз спортшы балақай"



Дене шынықтыру мұғалімі: Қалдыбек А.

2023-2024 оқу жылы.

Мақсаты: Бөбекжай бүлдіршіндері және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы күшті болу үшін денені шынықтыру, спортпен айналысуы қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Баланың ата-анаға деген құрметін, сүйіспеншілігін, адалдығын, сыйластығын үйрету және әрі қарай дамыту. Ата-ананың балаға деген қамқорлығын, сүйіспеншілігін, махаббатын ояту. Ұйымшылдыққа, ептілікке, икемділікке тәрбиелеу. Бірлесіп жұмыс жасауға, салауатты өмір салтын сақтауға, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

1. Ата-аналарды бөбекжайда өткізілетін шараға белсене қатысуға баулу;
2. Ата-аналарды балалармен бірге спорттық шараларға қатысуға жұмыстандыру;
3. Балалардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру;
4. Балалардың командалық рухын көтеруге баулу;
5. Балаларды командалық сайысқа қатыса білуге, достыққа үйрету, баулу;
6. Ата-аналар мен балаларды бірлесе отырып спорттық шараға қатысуға, салауатты өмір салтын ұстануға баулу;

Әдіс тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, мадақтау

Қолданатын құрал жабдықтар:

Жүргізуші: Армысыздар, ата-аналар, ұстаздар! Армысыздар! Болашақтың бастауы, балғын шақты балалар! Болашақ үшін қиындыққа қол созған соң, үміт күткен ел арманың қолдасын! Бүлдіршіннің жүрегіне жол тартқан, ізгі ниет жақсы өнерге тозбасын, -дегендей, бүгін «Біздер-спортшылармыз!» атты отбасылық эстафеталық жарысқа қош келдіңіздер!

Жігерің бар, талабың бар қайратың,

Мақсат тұтсаң қанатың бар талмайтын.

Өз-өзінді ұстай білсең тартынып,

Өмірің бар әлі алда солмайтын-

демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік ететін ата-аналар мен бүлдіршіндерді ортаға шақырайық.

1. «Жалын» тобы
2. «Қыран» тобы
3. «Ұлан» тобы
4. «Дарын» тобы

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызды бағалап, төрелік айтар әділқазылар алқасымен таныстырып өтейін:

Бөбекжай меңгерушісі: Бегалиева Э.

Бөбекжай әдіскері: Тулендиева А.

Бөбекжай тәрбиешісі: Манибаева А.

Жүргізуші: Бүгінгі өтетін эстафеталық жарысымыз 9 турдан тұрады.

1. «Таныстыру»
2. «Кім жылдам?» /ата-аналар/
3. «Біз шапшаңбыз» /балалар/
4. «Жылдам-жылдам» /ата-аналар мен балалар/
5. «Қайраттылар» /балалар/
6. «Төкпе-төкпе» /ата-аналар мен балалар/
7. «Біз жүйрікпіз?» /балалар/
8. «Аяқтаймыз» /ата-аналар мен балалар/

**Осындай тапқыр достар кез-келген де,
Жетсін-ау жарыстарда жеңгенге не?
Қарсылас болғанымен құрбысындар
Тілейміз ізгі тілек сіздерге де!**

ден бүгінгі сайысымызға қатысқалы келген қатысушыларымызды қолдап қошеметтеп отырайық.

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Жүргізуші: Сайыстың шарттарымен таныс болдық, әр сайысымызды әділқазылар 3-4-5 деген ұпаймен бағалайды. Ендеше сайысымызды бастайық.

1. Таныстыру бөлімі.

Шарты: қатысушылар өз командасының төс белгілерін толық таныстырып өтеді. Жаксы таныстырған командаға жоғары ұпай қойылады.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. **Ойынның атауы:** «Кім жылдам?» /ата-аналар/

Ойынның шарты: Бұл ойынға әкесі мен анасы қатысады. Қатысушылардың қолдары арттарына байлаулы болады. Мәреден кедергілер арасымен сөреге жүгіріп барады да сөреде үстел үстінде тұрған бос шарды бар демімен үруі керек үлкен етіп. Қай топтың ата аналары шарды үлкен етіп үрсе сол топқа жоғары ұпай саны беріледі. Ойынды анасы дәл осылай жалғастырады.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. **Ойынның атауы:** «Біз шапшаңбыз» /балалар/

Ойынның шарты: Балалар мәреде карзинаның ішінде тұрған үрілген 5 кішкентай шарларды сөреде тұрған карзинаға тасуы керек. Ойын шар біткенше жалғасады.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. **Ойынның атауы:** «Жылдам-жылдам» /ата-аналар мен балалар/

Ойынның шарты: Бұл ойынға әкесі анасы баласы қатысады. Бірінші ойынды баласы бастайды. Бала мәреде тұрған кішкене допты тізесінің ортасына қыстырып кедергілер арасымен сөреге секіріп барады да сөреде қалып қояды. Мәреде тұрған анасы бастарына құм салынған қапшықты қойып денесін тік ұстап кедергілер арасымен сөреге баласының қасына барады. Ал әкелер қолдарындағы шығыршықты белдеріне киіп алып кедергілер арасымен мәреден сөреге үш рет жүгіріп барып үшінші жүгіргенде сөреде тұрған анасы мен баласын шығыршықтың ішіне салып мәреге келуі керек. Қай команда бірінші келсе сол командаға жоғары ұпай беріледі.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. Ойынның атауы: «Қайраттылар» /балалар/

Ойынның шарты: Балалар мәреден аяқтарына қапшықты киіп алып кедергілер арасымен сөреге қоянша секіріп барып кері секіріп келуі керек. Бірінші келген командаға жоғары ұпай беріледі.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. Ойынның атауы: «Төкпе-төкпе» /әкелер, аналар, балалар/

Ойынның шарты: Әкесі ойынды бастайды, оң қолына үлкен су құйылған стаканды алады, мәреден сөреге дейін кедергілер арасымен сол қолындағы бос стаканға суды кезек-кезек құйып сөреге барып кері кедергілер арасымен жүгіріп келеді. Келесі ойынды анасы және баласы дәл осылай жалғастырады.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. Ойынның атауы: «Біз жүйрікпіз» /балалар/

Ойынның шарты: Балалар мәреде карзинаның ішінде тұрған кішкене тәттілерді сөреде тұрған бос карзинаға тасуы керек. Ойын тәттілер біткенше жалғасады. Қай команда тәттілерді бірінші жинаса сол командаға жоғары ұпай беріледі.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

1. Ойынның атауы: «Аяқтаймыз, арқалаймыз» /әкелер, аналар, балалар/

Ойынның шарты: Ойынды әкелер бастайды. Мәреден сөреге кедергілер арасымен жүгіріп барып келеді. Жүгіріп келіп анасын арқасына салып арқалап сөреге бар жылдамдықпен барады да кері мәреге арқалап келеді, баласын да дәл осылай қайталайды.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасы командалардың ұпайларын берсін

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау,
Жеңімпаз болу шарты сол-
Еңбектену, жалықпау.
Біреу озса сайыста.
Біреу артта қалады
Жеңілгендір ренжімей,

Тараса бізге жарады-олай болса, құрметті сайысқа қатысқан қатысушы ата-аналар бүлдіршіндер, сіздер бүгін өз күш жігерлеріңізді, шымыр шыныққан екендеріңізді дәлелдедіңіздер.

Танданайық, спортқа тамсанайық,
Бәріміз де қосылып, қол соғайық
Шабыттансын, көңілдерің көтерілсін

Сайыскерлерді мадақтап қол соғайық!-дей келе, сайысымыздың аяқталар сәтіне келіп жеттік. Олай болса, бүгінгі сайыскер отбасыларды мадақтау үшін сөзді әділ бағаларын беретін әділқазылар алқасына берейік.
(Жеңімпаздарды дипломмен марапаттау)

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балалар жүлделеріңіз құтты болсын! Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет. Қош сау болыңыздар!

Әдіскер: А.А.